



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2023 жылғы 22 қыркүйектегі  
№ 16-13-18Д/С сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуге қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

***Преснов топтық су құбырын реконструкциялау (1-ші кезек)***

Қолданыстағы жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСК) 2017 жылғы бағамен әзірленгендіктен, қазіргі уақытта оны ағымдағы жылғы қараша айында аяқталу мерзімімен түзету жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алғаннан кейін, 2024 жылға арналған бюджетті нақтылау барысында, аталған жобаны іске асыруға тиісті бюджеттік өтінім енгізілетін болады.

Жобаның құны 7 794 млн. теңгені және ауылдарға бұрылатын 185 км магистральдық су құбырын құрайды.

Қазіргі уақытта 104 км (56 %) қайта жаңартылды, нәтижесінде 3 893 млн теңге игерілді.

Жобаны іске асыру мерзімі – 2025 жыл.

***Соколов топтық су құбырын реконструкциялау және қосылатын ауылдық елді мекендерде тарату желілерін салу (2-ші кезек) жобасы***

Ағымдағы жылы республикалық бюджеттен құрылыс жұмыстарын жалғастыруға 549 млн теңге бөлінді, мердігер ұйым анықталды және онымен шарт жасалып, жұмыс кестесі бекітілді.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарды 2025 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Жобаның құны 6,7 млрд теңгені құрайды. Оның ішінде 118 км ауылдарға дейінгі бұрылыстарды реконструкциялауға және 116 км кентішілік желілерді салуға бөлінеді.

Қазіргі уақытта 20 км ауылдарға дейінгі бұрылыстарды реконструкциялау және 12 км кентішілік желілер салынды. Нәтижесінде 522 млн теңге игерілді.

***Булаев топтық су құбырын төртінші кезекте Тайынша және Ақжар аудандарында сондай-ақ Есіл топтық су құбырына қосылатын ауылдық елді мекендерде су тартқыштарды, бұрғыштарды реконструкциялау бойынша***

Аталған жобаларды іске асыру үшін ағымдағы жылғы қараша айында аяқталу мерзімі 2024 жылғы ақпанда ЖСҚ-ны түзету жүргізу үшін конкурс жариялау жоспарлануда.

Жобалардың алдын ала құны тиісінше шамамен 12 млрд теңге және 5 млрд теңге.

Кейіннен, 2024 жылға арналған бюджетті нақтылау барысында аталған жобаларды іске асыруға тиісті бюджеттік өтінімдер енгізілетін болады.

Жалпы, жоғарыда аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында және оларды шешу бойынша жұмыс одан әрі жалғастырылатын болады

**Ә. Смайылов**

**Тізім:**

1. Ә.Қ. Рахметова
2. О.В. Перепечина